

КОМПАНИЯ HUAWEI РАДА ПОДДЕРЖАТЬ ЦИФРОВУЮ ТРАНСФОРМАЦИЮ ҚТЖ. СТРЕМЯСЬ ПОМОЧЬ В ОСУЩЕСТВЛЕНИИ ЦИФРОВОЙ ТРАНСФОРМАЦИИ КАЗАХСТАНСКИХ ЖЕЛЕЗНЫХ ДОРОГ, МЫ ПРЕДЛАГАЕМ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫЕ ВЫСОКОТЕХНОЛОГИЧЕСКИЕ РЕШЕНИЯ С ВЫСОКОЙ АДАПТИВНОСТЬЮ И ГИБКОСТЬЮ. ДАННЫЕ РЕШЕНИЯ ПРЕДОСТАВЛЯЮТ ОБЛАЧНЫЕ УСЛУГИ И КОММУНИКАЦИОННЫЕ СЕРВИСЫ ДЛЯ СОЗДАНИЯ БОЛЕЕ БЕЗОПАСНЫХ, ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫХ И ЭФФЕКТИВНЫХ СИСТЕМ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ ПЕРЕВОЗОК

Макс Чжао Сюй,
генеральный директор Huawei Technologies Kazakhstan



№74 (2789)
23/09/2022

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



РАЗВИВАЯ ЗЕЛЕННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев в рамках рабочего визита в Нью-Йорк (США) принял участие в работе казахстанско-американского инвестиционного круглого стола, где подчеркнул, что стратегическое экономическое партнерство между Казахстаном и США будет и впредь диверсифицироваться и расширяться во всех секторах.



Асель ШАЙХЫНОВА
Астана

Лидер Казахстана дал развернутую информацию об экономическом потенциале Казахстана и о принимаемых мерах по повышению инвестиционной привлекательности. В частности, Касым-Жомарт Токаев сообщил о возможностях для реализации совместных инвестиционных проектов в транспортно-логистической, энергетической, сельскохозяйственной и других отраслях.

Одним из ярких подтверждений этого стало соглашение о сотрудничестве в сфере железнодорожного транспорта, подписанное в США между АО «НК «ҚТЖ» и компанией Wabtec. Так, в соответствии с Соглашением о стратегическом сотрудничестве ҚТЖ в период 2024-2028 годов намеревается закупать маневровые локомотивы на тяговых аккумуляторных батареях FLXdrive и магистральные локомотивы, работающие на га-

зомоторном топливе с применением сжиженного природного газа (СПГ) от Корпорации Wabtec (NYSE:WAB).

Это крупнейшее соглашение в сфере развития зеленых технологий в железнодорожной отрасли СНГ, которые будут способствовать дальнейшему совершенствованию магистральных и маневровых работ в ҚТЖ, а также позволят реализовать обязательство по значительному сокращению выбросов парниковых газов и сократить операционные расходы. Новые локомотивы будут производиться на заводе АО «ЛКЗ» в столице Казахстана.

С начала 2000 года ҚТЖ является региональным лидером по внедрению передовых технологий в области транспорта. Развивая достигнутый успех, железнодорожный оператор одним из первых внедряет переход железнодорожной сети на низкоуглеродную технологию с применением тяговых аккумуляторных батарей технологии Wabtec, – говорит президент бизнес-подразделения Грузо-

вого оборудования Корпорации Wabtec Рожерио Мендонка. – Аккумуляторные батареи – идеальное решение для снижения вредного воздействия на окружающую среду и сокращения затрат на маневровые работы. Использование локомотивов FLXdrive поможет значительно повысить качество воздуха и добиться значительного снижения уровня шума для близлежащих населенных пунктов. Мы гордимся тем, что стали партнером ҚТЖ в их стратегических инвестициях.

Маневровые локомотивы FLXdrive на тяговых аккумуляторных батареях помогут ҚТЖ до 70% снизить расходы на топливо при маневровых работах и сократить количество плановых техобслуживаний на 90%, а также избежать значительных инвестиций в электрификацию. Магистральные локомотивы Wabtec, работающие на СПГ, увеличат дальность движения в три раза – с 1 300 до 3 000 километров, сократят затраты на топливо до 26% и выбросы твердых частиц.

Форум

ОТАНДЫҚ ӨНДІРУШІЛЕР МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУҒА ЗӘРУ

Кеше Астанада Қазақстан машина жасаушыларының X форумы басталды. Оның шеңберінде машина жасау және металл өңдеу бойынша II халықаралық мамандандырылған көрме ұйымдастырылды. Форумға Австрия, Германия, Туркия, Ресей сияқты 20-дан астам елдер мен Қазақстанның бизнес өкілдері, ұлттық компаниялар, білім-ғылым саласы, мемлекеттік органдар қызметкерлері және техникалық кәсіп бойынша білім алып жатқан студенттер қатысуда.



Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

«Қазақстан экономикасын дамытуда машинажасаудың рөл» тақырыбында өткен пленарлық жиынға «Қазақстан машина жасаушылар одағы» ЗТБ Басқармасының төрағасы Мейрам Пішембаев модераторлық етті. Алғашқы сөзді алған Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Әсетолы Смаилов қатысушыларға сәлем жолдай отырып, Мемлекет басшысы Касым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау сөзін жеткізді. Ел Президенті бұл форум мемлекет пен бизнес өкілдерінің осы саланы дамытудың тың тәсілдерін табуға жұмылдыратын беделді диалог алаңы екенін атай келіп, елімізде өңдеу өнеркәсібіне және машинажасау ісіне қолдау көрсетіліп, қолайлы жағдай жасалатынын мәлімдеген. Мемлекет басшысы форум жұмысына сәттілік, қатысушыларға жемісті еңбек тілейді.

Жиында ТМД, Қытай елдерінде құрастырылатын локомотивтерге қарағанда, атмосфераны ластайтын шығарындылары әлдеқайда төмен және де көптеген локомотивтерден техникалық сипаттамасы бойынша озық тепловоздарды шығаратын Орта Азиядағы бірегей зауыт – «Локомотив құрастыру зауыты» АҚ басшысы Марат Тілеубаев, модератордың ішкісәлалық кооперацияны дамытудағы тәжірибесі

туралы және теміржол машинажасау саласын ынталандыруға қандай қосымша шаралар қажет деген сауалына егжей-тегжейлі жауап берді.

Марат Болатұлының айтуынша, бүгінгі күнге дейін ЛКЗ 440-тан астам локомотив шығарған. 2022 жылға арналған өндірістік жоспар 43 локомотив болса, 8 айда соның 24-і өндірістен шығып, тапсырыс берушілерге жеткізілген. Ал келесі жылға зауыт өндірісті екі есе арттырып, 90 локомотив шығаруды жоспарлап отыр. Акционерлер ЛКЗ зауытына, қосымша жабдық сатып алуға, жаңа цехтар салуға, қазақстандық мазмұн үлесін құйтуға, қосымша жұмыс орындарын құруға 2,5 млрд теңгеден астам инвестиция салыпты.

– Экспорттық келісімшарттар бойынша біздің жетістігіміз де, тәжірибеміз де бар. Бірқатар теміржол әкімшіліктері 100% біздің өндірістен шыққан локомотивтермен жабдықталған. Біздің локомотивтерді пайдалану тиімділігі мен өнімділігін байқатып, нәтижесінде Қазақстанмен қатар Қырғызстан, Тәжікстан, Украина, Әзербайжан, Түркіменстан, Молдова мемлекеттерінің де локомотив паркін жаңартып отыр. Бүгінде зауыт барлық ірі тораптарды, сондай-ақ локомотивтерге арналған 1500 атаудағы шанақ тетік-бөлшектерін дайындайды, – деді ЛКЗ басшысы.

Марат Тілеубаев отандық өндірушіге қолайлы жағдай жасау және дамуды

ынталандыру үшін үш негізгі іс-шара қабылдауды ұсынды.

Біріншісі, ЛКЗ локомотивтерін сатып алу үшін жекеменшік тасымалдаушыларға жеңілдікті несие ұсыну және жеке кәсіпкерлік субъектілеріне екінші деңгейдегі банктер, Қазақстанның Даму банкі және лизингтік қызметті жүзеге асыратын өзге де заңды тұлғалар беретін кредиттер мен лизингтік мәмілелер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қажеттігін атап өтті. Екінші, тәуелсіз қабылдау комиссиясын құру керек. Бұл комиссия Қазақстанға импортталатын локомотивтердің сертификаттары болған күнде, оларды тіркегенге дейін қауіпсіздігі мен сенімділігі бойынша тексеру жүргізулері, яғни, сырттан келетін локомотивтер Қазақстан магистральдарында жүруге рұқсат алу үшін тәуелсіз қабылдау комиссиясының толық тексерісін өтулері қажет. Үшіншіден, Қазақстан өндірісінің локомотивтерді дайындау және пайдалану бағытындағы көпжылдық тәжірибесін ескере отырып, жұмыс орындарын сақтап қалу үшін жекеменшік компанияларын отандық тауарларды сатып алуға бағыттау қажет.

Жалпы жиынға қатысқан отандық өндірушілер мемлекет тарапынан қолдау көрсетілгенде ғана олардың ісі алға басатынын жеткізді. Ал Үкімет басшысы отандық өндірушілердің түйткілді мәселелерін шешуге ниетті екенін білдірді.

УКРЕПЛЯЕМ ТРАНЗИТНУЮ МОЩЬ СТРАНЫ

На территории Сухого порта KTZE-Khorgos Gateway состоялось открытие второго перегрузочного места по более 1435 миллиметров. Его введение в эксплуатацию позволит увеличить мощность терминала в два раза.

– Казахстан, находясь на пересечении международных транзитных коридоров, является ключевым транспортным узлом при доставке товаров из Китая в Европу. И мы принимаем все необходимые меры для реализации политики государства по развитию транзитного потенциала страны. Наличие развитой инфраструктуры и имеющихся компетенций позволяет ҚТЖ предоставлять широкий спектр логистических услуг с использованием терминальной сети от сухих портов на юге страны до морских портов на западе. Запуск второго перегрузочного места в Сухом порту ТОО «KTZE-Khorgos Gateway» увеличит мощность терминала в два раза. Уверен, в целом это внесет большой вклад в развитие транспортно-логистического потенциала Казахстана и даст новый импульс росту грузопотоков по основным транспортным коридорам, – отметил управляющий директор по логистике АО «НК «ҚТЖ» Ерлан Койшибаев.

Отметим, в настоящее время терминал порта перерабатывает по приему и отправлению 9-10 составов, с введением в эксплуатацию дополнительных путей по более 1435 миллиметров терминал сможет перерабатывать до 19-20 составов в сутки.

По словам аналитиков, увеличение перерабатывающей мощности терминала послужит развитию транзита грузов через железнодорожную станцию Алтыноколь в направлении ТМТМ, Европы, России, Узбекистана и других стран. Это соответствует задаче Главы государства Касым-Жомарта Токаева о необходимости укрепления транзитного потенциала страны.

Также специалисты подчеркивают, что Сухой порт показывает хорошую динамику в переработке транзитных грузов. За последние три года ежегодный рост обработки грузов в среднем составил 25%.

Аула ТІЛЕУБАЙ, Астана

ЭКО-АПТА БАСТАЛДЫ



«ҚТЖ» ҰК» АҚ #10 ZHASYLKÚN экологиялық челленджін іске қосты.

«Birgemiz: Taza Alem» қоршаған ортаны қорғау жалпымұлттық жобасы аясында өтетін шараның мақсаты – азаматтарды экология, қоршаған ортаны қорғау бойынша волонтерлік қызметке тарту.

Сонымен, челлендж аясында 10 күн бойы эко-әдеттерді бойға сіңіріп, экологиялық және салауатты өмір салтын қалыптастырудың әлдеқайда тиімді де пайдалы екеніне көз жеткізу тіпті де қиын емес деседі оны ұйымдастырушылар. Айталық, 20 қыркүйек «пластикалық пакеттерден бас тартып, оларды эко-сөмкелерге ауыстыру» ұсынылады. 21 қыркүйек «электр қуатын үнемдеу»; 22 қыркүйек «лифтен, көліктен бас тартып жаяу жүру» күні болмақ. 23 қыркүйек «кофе өзіңмен бірге ме? өз ыдысыңа құйып ал»; 24 қыркүйек «дәстүрлі шам орнына қуат үнемдейтін шамға көшу»; 25 қыркүйек «бір рет пайдаланатын заттардан бас тарту»; 26 қыркүйек «суды үнемдеу»; 27 қыркүйек «жұмыс үстелін ретке келтіру»; 28 қыркүйек «түскі асты өзіңмен әкел»; 29 қыркүйек «қызықты сұрыптау» деп әр күнге атау беріп өткізуді ұсынады. Ендеше, эко-челленджге үн қосайық...

Лаура ТАЛҒАТҚЫЗЫ

ЕЛІМІЗДЕ ВАГОН ПАРКІН ҚАЛЫПТЫ ЖАҒДАЙДА УСТАУ ҮШІН ЕҢ АЛДЫМЕН ВАГОН ДОҒАЛАҚТАРЫ ЖЕТІСПЕЙДІ. ОСЫ ОЛҚЫЛЫҚТЫҢ ОРНЫН ТОЛТЫРУ МАҚСАТЫНДА БІЗ ОҢТҮСТІК ӨҢІРДЕ БАЛАМАСЫ ЖОҚ ВАГОН ДОҒАЛАҚТАРЫН ЖӨНДЕУ ШЕБЕРХАНАСЫН ҚҰРУДЫ КӨЗДЕДІК ЖӘНЕ СОҒАН ҚОЛ ЖЕТКІЗДІК. БҮЛ ЖЕРДЕ ДОҒАЛАҚ ЖҰПТАРЫ АҒЫМДАҒЫ, ОРТАША ЖӘНЕ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУДЕН ӨТКІЗІЛЕДІ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

ЖОЛАУШЫ БИЛЕТТЕРІН САТУ
БОЙЫНША

30 мыңға

ЖУЫҚ ӨЗІНЕ-ӨЗІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ
АВТОМАТТАРЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ ҚР ИИДМ КӨЛІК
КОМИТЕТІНІҢ АУМАҚТЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРІ

300

ЖОЛАУШЫЛАР ПОЙЫЗЫН ТЕКСЕРГЕН

СЕМЕЙ ӨНІРІ БОЙЫНША ӨНДІРІСТІК
ҚАУІПСІЗДІК ЖҮЙЕСІНІҢ «КТЗ НСЕ»
МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫНА

3008

АДАМ ТІРКЕЛГЕН

«СҰҢҚАР» САПАРҒА ШЫҒАДЫ

Ұлан ОРАЗ,
Астана



ЛОГИСТИКА

Ақтау портынан «Сұңқар» атты жаңа контейнер тасу кемесі сапарға шығады. Бұл Транс-каспий халықаралық көлік бағдарының мүмкіндіктерін толық игеру мақсатында қолға алынып отыр.

Қазақстан, Әзербайжан, Грузия, Түркия және басқа да елдердің көлік-логистикалық кешендері бойынша түрлі компаниялардың басын біріктіретін «ТХКБ» халықаралық қауымдастығы 2017 жылы ақпан айында құрылған. 2019 жылдың басында «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен «ҚазМұнайГаз» АҚ, сонымен қатар «Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК-ның еншілес компаниялары мен KTZ Express Shipping АҚ арасында бас келісімге қол қойылып, соның аясында ҚТЖ «Қазтеңізкөлікфлоты» компаниясына 4 құрғақ жүк тиейтін кемесін ұзақ мерзімді жалдауға берді.

Аталған бағдар бойынша 2020 жылдан тұрақты өсім басталды. Бүгінде жылдық көлем жылына жиырма футтық эквивалентпен есептегенде 20 мың контейнерді құрап отыр, осылайша бұл көрсеткіш 2019 жылмен салыстырғанда бірнеше есеге артқан.

Бағдардың өткізгіштік қабілетінің артқанын көрген Қазтеңізкөлікфлоты 2021 жылы наурызда дәл осы бағыт үшін «Барыс» кемесін арнайылап қайта жабдықтап, бұрын жоғары габаритті жүк тасымалына арналып келген кемені контейнер таситын кеме ретінде пайдалануға көшті. Елімізде контейнер тасу бойынша мамандандырылған бірінші кеме болып саналатын «Барыс» Каспий үшін рекордты көрсеткіш саналатын 350 ЖФЭ жүкті бортында қабылдай алады. Ақтау портындағы контейнерлік хаб құру, теңіз флотын нығайту, теңіз тасымалын дамытуға Мемлекет басшысы тарапынан ерекше көңіл бөлініп отыр.

Бүгінде «Сұңқар» кемесін жаңғырту жұмыстары аяқталды, жуырда екінші контейнер тасымалдаушы кеме бірінші рейсіне шығады деп күтілуде. Бұл ҚТЖ флотының қуатын жылына 30 мың ЖФЭ-ге дейін арттыруға мүмкіндік береді. Қазтеңізкөлікфлоты енді үшінші кеме «Бүркітті» контейнер тасымалдауға лайықтап өзгерту жұмыстарына кіріседі, ол жұмыстарды келесі жылдың бірінші тоқсанында аяқтамақ.

ТЕХНИКАЛЫҚ ВАГОННАН ӨРТ ШЫҚТЫ

Нұрай СӨРСЕНҒАЛИ,
Астана



ОҚИҒА

21 қыркүйекте «Алматы-Петропавл» бағытындағы №105/106 жолаушылар пойызының техникалық вагонынан өрт шықты. Құрамның соңында тіркелген техникалық вагондағы өрт Қарағанды – Астана учаскесінің Мырза – Шоқай аралығына келгенде тұтанған.

Жолаушылар пойызы дереу тоқтатылып, пойыз бригадасының нұсқаулыққа сай сауатты да тез қимыл-қозғалысы нәтижесінде зардап шеккендер жоқ, ал тілсіз жаудан келген материалдық шығынды оқиғаға байланысты тексеріс жүргізіп жатқан «ҚТЖ» ҰК» АҚ комиссиясы анықтайтын болады.

Пойыз бригадасы лауазымдық нұсқаулықтарына сәйкес, қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында соңғы бес вагоннан 50 жолаушыны сыртқа шығарып, құрамның бас жағындағы вагондарға көшірді. Оқиға орнына Қарағанды станциясынан өрт сөндіру пойызы келіп, тілсіз жауды ауыздықтады.

Құрамдағы барлық жолаушылар, яғни 184 адам «Алматы – Нұр-Сұлтан-Нұрлы жол» бағытындағы №3/4 Талығой пойызына қайта отырғызылып, Астанаға жеткізілді. Артынан жолаушылар межелі станцияларына жеткізілді. «Астана-Петропавл» қатынасындағы №901 қосымша стандартты пойызымен жөнелтілген №105 Талығой пойызының жолаушыларына билетінің жалпы сомасы ішінара қайтарылатын болады.

ЕКІ АПТА УАҚЫТ БЕРДІ

Арсен БАЙЗАҚ,
Шы



РЕИД

Шу вокзалының басшылығы аудан әкімінің орынбасары Нұрлан Жақсыбаевпен вокзал перронындағы сауда нүктелерін аралап, профилактикалық шаралар өткізді.

– Вокзал ғимараты Жамбыл магистральдық желі бөлімшесіне қарайды. Перрондағы сауда нүктелері орналасқан жер – иесіз. Бірақ, «Сауда Сервис» ЖШС жергілікті әкімдікпен келісіп, кәсіпкерлерге жалға беріп отыр. Ең алдымен санитарлық нормаларды сақтау, өрт қауіпсіздігі сөз болды.

Сонымен қатар, сауда нүктелерінің эстетикалық көрінісі сын болды. Сыртқы қасбеті иқы-жикы, біркелкі емес дүңгіршіктерді қалыпқа келтіру тапсырылды. Жолаушылар мен кәсіпкерлерге қызмет көрсетіп жүрген арба сүйреушілердің ескі-құсқы, сынған, қолдан жасалған құралдарын да жаңартып, ауыстыру туралы да ескертпе берілді. Алайда, серіктестік басшысы «бұл өзін-өзі ақтамайды» деген уәж айтуда. Дегенмен, жергілікті билік өкілдері кәсіпкерлерге жоғарыдағы кемшіліктерді түзеуге екі апта уақыт берді, – дейді Шу вокзалының бастығы Шолпан Арысбаева.

ҚТЖ-ЖҮК ТАСЫМАЛЫ: КӘСІПОДАҚ ӨКІЛДЕРІ БАС ҚОСТЫ



«Қазкөліккәсіп» ҚБ мерейтойы қарсаңында «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бойынша Кәсіподақ кеңесінің отырысы өтті. Оған бірлестіктің Орталық кеңесі және серіктестіктің өңірлердегі кәсіподақ филиалдарының басшылары мен ардагерлері қатысты.



Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Отырысқа модераторлық еткен «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС кәсіподақ филиалының төрағасы Ермек Төлегенов кәсіподақ филиалы құрамын бекіту және серіктестік бойынша 2021-2023 жылдарға арналған Ұжымдық шарттағы №5 келісімге толықтырулар енгізу туралы баянда-са. Сала кәсіподағы Орталық кеңесінің ағымдағы жұмысы жайында «Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасы Оразғали Ахметбаев ақпарат берді. Сонымен қатар, Қызылорда, Ақмола, Маңғыстау, Алматы, Ақтөбе, Орал, Семей теміржолының кәсіподақ басшылары өз өңірлерінің атқарған


жұмысы жайлы мәлімет берді.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бас директорының орынбасары Досбол Құлекеев еңбек жағдайын жақсарту бойынша Ұжымдық шартқа енгізілген өзгерістер туралы әңгімеледі. Оның сөзін серіктестіктің адами ресурстарды басқару және әлеуметтік саясат департаментінің бас менеджері Айгүл Мусина толықтырып, Ұжымдық шарт шығындары сметасының әлеуметтік жеңілдіктер бойынша орындалуы туралы мәліметтер келтірді.

– Биылғы 8 айдағы әлеуметтік жеңілдіктер бюджетінің іс жүзінде орындалу көрсеткіші 3 млрд 609 млн теңгені құрады. Осы жылы еліміздегі 10 санаторийге баруға 5 мың жолдама сатып алынып,

бүгінге дейін нақты 3556 қызметкер мен зейнеткер демалып қайтты. Сонымен қатар 7 балалар лагеріне 3650 жолдама сатып алынып, теміржолшылардың балалары жазғы демалысын өткізді. Ерте зейнетке шығу Ережесіне сәйкес 2020 жылдан бері 615 адам зейнетке шығарылды. Машинистердің жасына қарай салалық жәрдемақы төлемі бойынша 40 АЕК-ден, машинист көмекшілеріне 31 АЕК-ден ақша төленді. Теміржолшылар мерекесіне орай серіктестіктің 599 қызметкері моральдық және материалдық ынталандыру бойынша Комиссияның хаттамалық шешіміне сәйкес марапатталды. 25 адам «Құрметті теміржолшы» белгісіне, 100 қызметкер «Адал

ШАРУАҢ ҚАЛАЙ, ШАҒЫР?



ӨТКЕЛ

Арыс қаласынан отыз-қырық шақырым жерде шағын ғана Шағыр деген ауыл бар. Ауылмен аттас станцияның іргесінде, яғни «Шағыр – Монтайтас» аралығының 3 250-ші шақырымында №3 жол өтпесі бар. Бұл – «Арыс-Монтайтас-Жылға-Сарыағаш» бағытындағы облыстық маңызы бар автомобиль жолы мен темір жолдың түйіскен тұсы.



Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
Арыс

Арыс жол дистанциясы қызмет көрсететін Шағырдағы теміржолдың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуде осы өткелдің маңызы айрықша. Жүк немесе жолаушылар пойызы өткенде шлагбаумды жауып, жылжымалы құрамның қауіпсіздігін сақтау мәселенің бір қыры ғана. Өмірінің 30 жылға жуығын осында өткізіп келе жатқан Қайрат Амантаев пен Ертұй Сарыпбеков (суретте) соңғы 4-5 жылда осы бекетте кезекшілік қызмет атқарып келеді. Олар осы уақыт ішінде түрлі оқиғалардың куәсі болған. Бекеттен пойыз өтер сәтте шлагбаумды жауып, автокөліктер қозғалысын тоқтату сырт қарағанда оңай көрінеді, бірақ іс жүзінде тіпті де олай емес көрінеді.

«Өткелді жапқанша әрекет етіп үлгерем дейтіндер өте көп, кейде жанжалдасып жатады. «Пойызың қайда, көрінбейді де ғой, өткізіп жібер бізді» деп қолқа салатындар



қаншама. Көлікті кім, қандай күйде тізгіндеп келе жатқанын білмейсің. Бірде, шөп артқан жүк көлігі пойыз келгенше «өте қалам» деп рельстің дәл ортасында тұрып қалды, көлігі сөніп қалған, қозғалмайды. Жанталасып, шұғыл әрекет етіп, өзімізде дайын тұрған 4х6-лық тросымызбен өшіп қалған көлікті әрең дегенде өзге көлікпен сүйреп үлгердік. Пойыз жап-жақын қалған, тіпті жанасып өтті десек болады. Сол сияқты жүк вагондарының тежегіші немесе вагонды ажырату құрылғылары секілді қосымша тетіктері босап кетіп,

сүйретіліп бара жатқанын байқап, жылжымалы құрамдарды талай тоқтатқан кезіміз де болды», – дейді Қайрат Оңғарбекұлы.

Ал Ертай Орынбасарұлы бұл бекеттен тәулігіне орта есеппен 35-40 пойыз өтетінін айтады. «Кейде жүк вагондарының люктері мен есіктері жартылай ашылғанын көріп қаламыз. Сол сияқты габариттен тыс жүк тиеген көліктерді өткізу үшін арнайы рұқсат сұрайтын кездеріміз де аз емес. Тағы бір қызығы, шынжыртабанды көлік көлденең түскенде электр кернеуінің тұйықталуын туындатуы мүмкін. Мұның бәрі де қауіпсіз қозғалысты қамтамасыз ету үшін қажет қағидалар», – дейді ол.

Осы жазда теміржолшылар мен жергілікті тұрғындар арасында: «Арыстағы теміржол өтпелері жабылады екен» деген қауесет тараған болатын. Соның анық-қанығын білмекке Шымкент магистральдық желі бөлімшесі филиалы Арыс жол дистанциясының бастығы Махмұд Рысбековке хабарласқан болатынымыз. Ол мұндай деректің жалған екендігі, қазіргі кезде Арыс өңіріндегі барлық өткелде жұмыс қалыпты жағдайда жүріп жатқандығын жеткізді.

«№3 Шағыр жол өтпесінде 12 сағаттық ауысыммен 4 адам үздіксіз кезекшілік етеді. Бұл нысаннан әлдеқайда кіші Ақшоқат пен Қостүйіндегі өтпелер қызметі де 15 қыркүйектен бастап қайта жанданды. Теміржол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында біз кез келген күзетілетін немесе күзетілмейтін өтпелер қызметін бақылауда ұстап отыруға тиіспіз», – дейді Махмұд Ырысбекұлы.

Суретті түсірген автор

ҚАЙҒЫЛЫ ОҚИҒАЛАР ҚАЙТАЛАНУДА...



ҚАУІПТІ АЙМАҚ



Ерман ӘБДИЕВ,
Тараз

Тараз станциясы желілік полиция қызметкерлері тұрғындарға профилактикалық шаралар өткізіп, оларды қауіп-қатерден сақтандырудан, ескертуден кенде емес. Дегенмен, адамдардың бейғамдығы мен салдыр-салақтығы жол бойындағы қайғылы оқиғаларды азайтпай отыр...

– Жыл басы қаңтар айында Тараз станциясы кезекшісінен түскен хабарлама бойынша біздің қызметкерлер Тараз-Талас жол аралығына барып, №2493 жүк пойызы адам қағып кеткенін, ол сол жерде қаза тапқанын анықтады. Ал наурыз айында Жуалы ауданындағы Боранды бекетінде де осындай қайғылы оқиға орын

алды. Боранды-Сұрым теміржол аралығында отын теріп жүрген 17 жасар жасөспірім құлағына құлаққап киіп алып, артынан келген пойызды байқамай қалған. №1169 жүк пойызының машинисі қанша белгі беріп, дабыл қақса да жасөспірім естімеген. Соңы өкінішпен аяқталды. Сәуір айында Қаратау-Ақтаутас теміржол аралығында №3603 жүк пойызы 1978 жылы туған азаматты қағып кетті. Ал маусым айында Талас станциясының 3520 шақырымында №1275 жүк пойызы 1957 жылы туған азаматты басып кеткен. Өзекті өртеген өкініш – қайғылы оқиғалардың қайталануы беруі. Яғни, өткеннен сабақ алу жоқтың қасы, – дейді Тараз станциясы желілік полиция бөлімі бастығының орынбасары Аслан Дүйсенбаев.



Тәртіп сақшысы сонымен қатар болат жолдың бойында жасөспірімдердің «Тик-Ток» түсіріп, әлеуметтік желіге жүктеуіміз деп арандап қалатын оқиғалар көбейгеніне, жалпы, балалардың қауіпсіздігіне алаңдаушылық білдірді. Мысалы, тамыз айында Тамды-Жұма теміржол аралығында көрші ауылға бармақ

болған 7-9 жасар ағайынды екі бала №3607 жүк пойызының вагонына жармасып, жолшыбай секіріп кетіп, бірі ауыр жарақат алса, екіншісі ауруханада көз жұмғаны бүкіл елді дүр сілкіндіргені аян. Қайғылы оқиғалар қашанғы қайталанса бермек?

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

НА ПУТИ ВЗАИМОВЫГОДНОГО ПАРТНЕРСТВА



АКТУАЛЬНО

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

В работе форума приняли участие зарубежные партнеры из России, Кыргызстана, Грузии, Беларуси, Азербайджана, Турции, Ирана, Туркменистана. Открывая форум, председатель совета директоров АО «НК «КТЖ», заместитель председателя Союза транспортников Казахстана «KAZLOGISTICS» Юрий Лавриненко подчеркнул, что новые вызовы требуют еще больших инвестиций и усилий, а нынешний форум станет отличной диалоговой площадкой, которая, безусловно, укрепит сотрудничество.

Он также подчеркнул, что проведение мероприятия способствует развитию широких возможностей, созданию необходимых условий для развития транспортной логистики и глобального транзитного потенциала Казахстана путем синергии всех видов транспорта.


В свою очередь вице-министр индустрии и инфраструктурного развития РК Алмас Идырысов отметил, что Казахстан, обладая стратегически выгодным территориальным положением, создает свой логистический рынок: строятся новые железнодорожные ветки, порты, автодороги, модернизируется и улучшается придорожная инфраструктура и складские комплексы.

В рамках панельной сессии «Развитие транспортно-логистического потенциала в современных условиях» с докладом выступил управляющий директор по логистике АО «НК «КТЖ» Ерлан Койшибаев.

Во время выступления он подчеркнул, что КТЖ уделяет особое внимание развитию международного контейнерного транзита, так как это стратегический ресурс страны. Географическое положение, развитая инфраструктура, активы и компетенции КТЖ позволили в прошлом году преодолеть рубежную планку в один миллион транзитных контейнеров.

– Мы сохраняем положительную динамику перевозок и достигли исторического максимума в грузообороте – он вырос на шесть процентов к прошлому году. Наибольший рост в объеме перевозок пришелся на транзит за счет переориентации грузов с альтернативных маршрутов и привлече-

В Алматы прошел V Международный транспортно-логистический бизнес-форум New Silk Way. Мероприятие объединило более 350 делегатов из 14 стран.



ния новых грузопотоков, – сказал Ерлан Койшибаев.

Сегодня КТЖ оказывает всемерную поддержку отечественным экспортерам в транспортировке грузов через Транскаспийский международный транспортный маршрут (ТМТМ) и коридор Север – Юг в направлении Индии, Пакистана и



РЯД ПРОЕКТОВ РЕАЛИЗУЕТ КТЖ ДЛЯ ДАЛЬНЕЙШЕГО РАЗВИТИЯ ТРАНЗИТНЫХ И ЭКСПОРТНЫХ ПЕРЕВОЗОК. ОРИЕНТИРОВОЧНАЯ СТОИМОСТЬ РЕАЛИЗАЦИИ ДАННЫХ ПРОЕКТОВ – БОЛЕЕ 1,1 ТРИЛЛИОНА ТЕНГЕ.

стран Персидского залива. При этом перевозки по ТМТМ увеличились в 2,7 раза.

Растет спрос экспортеров на доставку продукции в Китай. КТЖ проводится системная работа, благодаря чему растет объем перевозок грузов через казахстанско-китайские погранпереходы. Также развивается маршрут в направлении стран Центральной Азии через погранпереход Сарыагаш.

– Отмечается положительная динамика контейнеризации. Если в начале прошлого года доля контейнеров составляла лишь 3% в общем объеме грузоперевозок, то сейчас она увеличилась до 5,4%, – подчеркнул он.

Наряду с этим КТЖ уделяется особое внимание цифровизации и трансформации бизнес-процессов, что обеспечивает внедрение новых технологий во все ключевые операционные сегменты перевозок.

Ряд проектов реализует КТЖ для дальнейшего развития транзитных и экспортных перевозок. Об этом рассказал в ходе панельной сессии на тему «Железнодорожная логистика» на V Конференции New Silk Way генеральный директор ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Владимир Петров.

В частности, запланировано строительство вторых путей на участке Достык – Мойынты, что существенно увеличит пропускную способность на границе с Китаем.

Строительство обводной железной дороги в обход узла Алматы переклучит транзитный грузопоток на короткий маршрут и разгрузит Алматинский узел в среднем на 30-40%. Также рассматривается вопрос строительства третьего погранперехода с Китаем – Бахты – Тэчен и железнодорожного участка Аягоз – Бахты.

Ориентировочная стоимость реализации данных проектов – более 1,1 триллиона тенге.

По итогам форума участники из России, Турции, Ирана, Туркменистана, Беларуси и Финляндии отметили, что такого рода встречи отражают характер партнерства и взаимодействия, а Казахстан является надежным и стратегическим партнером.

Фото автора

ИЗ ЯПОНИИ ЧЕРЕЗ КАЗАХСТАН

**Любовь РОВБА,**
Астана

СЕРВИС

Через станцию Алтынколь запущен новый интермодальный контейнерный сервис FESCO Trans China Railway, доставляющий грузы из Японии в Узбекистан.

С целью расширения сети собственных маршрутов транспортная группа FESCO запустила контейнерный сервис через территорию Казахстана и Китая. Он включает в себя морскую доставку из порта Йокогама (Япония) в порт Ляньюньган (Китай, провинция Цзянсу). Далее контейнеры следуют по железнодорожному маршруту Trans China Railway, который соединяет Китай с Казахстаном. На пограничном переходе Хоргос – Алтынколь контейнеры перегружаются на подвижной состав колеи 1520 и оттуда доставляются до места назначения – станции Чукурсай в Ташкенте (Узбекистан).

Регулярность отправок – два раза в месяц. Основной груз, который будет перевозиться в рамках нового сервиса, – автокомплектующие из Японии.

Первая партия из 18 сорокафутовых контейнеров, отправленных из порта Йокогама, находится на казахстанско-китайском логистическом терминале в городе Ляньюньгане. Отправление контейнеров по железной дороге планируется 30 сентября.

ОТРАБОТКА НАВЫКОВ БОРЬБЫ С ОГНЕМ

**Ольга УШАКОВА,**
Усть-Каменогорск

УЧЕНИЯ

На территории Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо (ТЧЭ-22) прошли пожарно-тактические учения по отработке навыков тушения огня в зоне, где находились тепловозы.



Участники учений «тушили» условный пожар на станции Оскемен-1, в здании Пункта технического обслуживания локомотивов.

– На учения мы привлекли пожарный поезд на станции Оскемен-1 под руководством Муханбета Омирбекова, – рассказал начальник производственно-технического отдела Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо Дидар Бурбаев.

Помимо пожарного поезда, в учениях задействовали работников ТЧЭ-22. В числе задач было не только оперативно локализовать и ликвидировать очаг возгорания, но и вывести локомотивы из зоны поражения, максимально сохранив их от огня.

– Учения прошли в нормальном режиме, все службы сработали своевременно, как положено, в соответствии со схемой оповещения, – резюмировал Дидар Бурбаев.

Фото Дидара БУРБАЕВА

НА СТРАЖЕ



БЕЗОПАСНОСТЬ

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар

За полугодие было предъявлено и сопровождено 12 012 поездов на 40 989 вагонов. За аналогичный период прошлого года – 11 851 поездов на 352 760 вагонов. Количество предъявленных поездов увеличилось на 161 поезд.

Оперативно-профилактическая работа проводится совместно с ЛОП, ДС, НОР и предприятиями железнодорожного транспорта. Это пресечение случаев хищений, порчи имущества, а также

Сотрудниками Павлодарского филиала ТОО «ВЖДО» за шесть месяцев выявлен один факт хищения, случаев несохранности перевозимых грузов не допущено.

недопущение несчастных случаев с посторонними гражданами. За отчетный период выявлен один факт хищения, задержаны два человека. Оба – работники железной дороги. В отношении них возбуждено уголовное дело. За нарушение пропускного режима на железнодорожном транспорте к административной ответственности по статье 559 КоАП РК привлечены 233 человека.

– Со всеми задержанными проведена разъяснительно-профилактическая беседа на тему «Железная дорога – зона повышенной опасности» – одна из акту-

альных проблем на сегодня, – говорит исполняющий обязанности директора Павлодарского филиала ТОО «ВЖДО» Владимир Марков. – По итогам работы филиала за шесть месяцев случаев несохранности перевозимых грузов по учету КНО-1 не допущено. Только один факт попытки хищения груза. 23 мая на станции Жолкудук было обнаружено 39 полипропиленовых мешков с ферросплавной продукцией общим весом 1 280 килограммов.

Также в Павлодарском филиале ТОО «ВЖДО» провели антитеррористические мероприятия.

– Провели обследование и определили наиболее эффективные места монтажа и установки камер видеонаблюдения в парках станций Павлодар, Ақсу-1, Екибастуз, подсчитали оптимальное их количество с учетом местности. Предоставили технологическую схему с обозначением мест установки камер видеонаблюдения, – рассказал Владимир Марков.

УГОЛЬНОГО БУМА НЕ ОЖИДАЕТСЯ



ПОДГОТОВКА К ЗИМЕ

Милена КАИРОВА,
Алматы

До начала отопительного сезона чуть больше полумесца и, как правило, обеспечение населения твердым топливом всегда остается одной из актуальных тем. Ежедневно работники отдела логистики и организации погрузки Алматинского отделения ГП проводят мониторинг, отслеживают маршрут следования каждого вагона, выполнение плана поставки угля. Подъезжая к угольным тутикам в Шамалгане, можно увидеть огромные горы угля, причем на некоторых складах красуется твердое топливо крупного сорта, в Шамалгане таких девять баз.

К примеру, на тупике «Ардак» ИП «Комір енерго» в наличие 1 000 тонн угля из Шубарколя, цена которого составляет 14 тысяч 500 тенге за тонну, аналогичная ситуация сложилась в ИП «Алем комір», причем в день разгружается по 5-6 вагонов, уголь приходит с разреза ТОО «Каражыра». В ТОО «Шамалган-комір» на сегодняшний день остаток составляет 2 000 тонн. Причем на всех базах не выстраиваются огромные очереди за топливом, как это было в прежние времена, и искусственного ажиотажа не наблюдается. Для бытовых нужд грузят по 10-15 машин в день. Стоит отметить, что цены не повысились, а остались на прежнем уровне – от 14 500 до 15 500

тенге за тонну. Как рассказали работники склада, потребность в твердом топливе резко упала в связи с газификацией поселка Шамалган, но постоянно приезжают закупать уголь жители из Эңбекшиказахского, Жамбылского, Илийского районов. К слову, открытие угольных баз на станциях Шелек, Алтынкөл, Таскарасу, Кундызды значительно облегчило ситуацию, теперь местные жители покупают уголь по месту своего проживания.

Стоит также отметить, что в целях своевременного обеспечения углем населения в текущем году отгрузка началась еще летом. Для перевозчиков были задействованы полувагоны. Кроме того, уведомление грузополучателей о под-



ходе и прибытии груза производится своевременно. На угольных базах ТОО «Шамалган» – «Авто колік» и ТОО «Шамалган-комір» – в настоящий момент имеется шубаркольский уголь.

Как заверил ведущий специалист Шамалганского сельского округа «Жибек жолы» Даурен Мухитдин, ситуация с углем на контроле, более того, она отслеживается в купе с железнодорожниками. В свою очередь начальник станции Шамалган Алибек Махамбеталиев проводит разъяснительную

работу с населением, контролирует тупики. Аналогичная ситуация и на угольных базах станций Медеу, Байсерке, Бурундай.

– Мы проверили все железнодорожные тупики, твердое топливо хорошего качества в достаточном количестве, так что в Алматинском регионе угольного бума не ожидается, – комментирует начальник отдела логистики и организации перевозок Алматинского отделения грузовых перевозок Кайрат Кулаков.

Фото автора

60 ЖЫЛ ӨТКЕН СОҢ...

Тараз теміржол, көлік және коммуникация колледжінің тарихы өткен ғасырдың отызыншы жылдарынан бастау алады. Тоқсан жылдан астам уақыт ішінде білім беру мекемесі 50 мыңнан астам түлекті қанат қақтырған.



Биылғы жаңа оқу жылының қарсаңында осы білім ордасын 1962 жылы бітірген түлектердің 60 жылдан соң басқосуы өтті. Осында өткен балғын шақтарын, білім берген ұстаздарын еске алып, Тараз төрінде өткен кездесуге еліміздің әр қиырынан, тіпті көршілес елдерден де түлектер келді. Бүгінде украин этно-мәдени бірлестігінің төрағасы Федор Клименко топтастары жайлы әсерлі естелігімен бөлісті.

– Топтастарымыздың дені – өз мамандығынан алыстап кетпеген, көбісі саналы ғұмырын теміржолда өткізген жандар. Олардың қатарында Жамбыл локомотив пайдалану депосында ұзақ жыл еңбек еткен 1 санатты машинистер – Карим Мендибаев, Александр Анисимов және ұзақ жыл Қостанай локомотив пайдалану депосында еңбек еткен 1 санатты машинист Аманкелді Сапарбаев сынды Құрметті теміржолшы атанған майталмандар шыққаны – біздің мақтанышымыз. Евгений Гостев осы колледжде «Эксплуатация, қозғалыс құрамын жөндеу, техникалық қызмет көрсету – электровоз машинисінің көмекшісі» мамандығы бойынша өндірістік шебер болып 50 жыл еңбек етті. Ал Фарид Абрашилов училищенен кейін Новосибирск теміржол транспорты институтын бітірді, одан кейін Алматы жоғары партия мектебінде тыңдаушы болып, Қырғызстанда ОК БЛКЖО бірінші хатшысы болды. Асқар Абрашов ҰҚК Жоғары мектебін бітіріп, ішкі барлау қызметінде көптеген жыл еңбек етіп, полковникке дейін өсті. Сіз Жамбыл облыстық «Знамя труда» газетінде талай жыл фотограф болып еңбек еткен Валерий Сутуловтың осы колледждің түлегі екенін білесіз бе? КСРО Жазушылар Одағының мүшесі, 24 пәна мен 18 кітаптың авторы, екі киносценарий жазған Валерий Куклин де біздің топтың түлегі. Ол қазір Берлинде тұрады, орыстіді «Руский пере-

плет» интернет-басылымының редакторы. В.Куклиннің «Страна моя, Джамбуля, какой я ее знаю и люблю» кітабы жамбылдықтарға таныс. Жалпы, біздің ортамыздан шығармашыл жандар көп шықты. Евгений Мягков колледжді бітірген соң С.М.Киров атындағы ҚазМУ-дің журналистика факультетіне түсіп, «Дружные ребята» газетінің меншікті тілшісі болды, 1980 жылдан «Комсомольская правда» газетінде еңбек етті, – деді Ф.Клименко.

Ал Федор Клименко осы колледжді тәмәмдаған соң Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтын бітіріп, қаланың су шаруашылығын басқарыпты. Бүгінде зейнетте, қоғамдық жұмыстармен айналысады.

Кездесудің бел ортасында жүрген жерлесіміз, Құрметті теміржолшы Карим Мендибаевты әңгімеге тартқан едік. «Негізі бұл жетім балаларға арналған арнаулы орта білім беретін №12 кәсіби-техникалық училище болатын. Тек 1964 жылы мұндағы мамандықтар ауқымы кеңейіп, №88 қалалық кәсіптік-техникалық училище болып қайта жасақталды. Өте әсерлі кездесу болды, топтастарымызды көріп бір жасап қалдым», – деді Карим Салахұлы.

– 1930 жылы Әулие-Ата станциясында ашылған оқу орны Түркісі құрылысынан кейін теміржолға арнайы мамандар дайындау мақсатын көздеген болса керек. Осы уақыт ішінде 50 мыңнан аса маман дайындалыпты. Быыл 90-шы түлектерімізді шығарып салдық, 60 жылдан соң өздері білім алған оқу орнына келген түлектермен кездесу біз үшін үлкен жаңалық болды. Бүгінде зейнет жасына жетіп отырған кешегі түлектерімізге құрметіміз жоғары, – дейді Тараз теміржол, көлік және коммуникация колледжінің директоры Ұлжан Кенжебаева.

Ерман ӘБДИЕВ, Тараз
Суретті түсірген автор

НАД ОТНОШЕНИЯМИ НУЖНО ТРУДИТЬСЯ!



На ярком и незабываемом семейном форуме, который организовали в Усть-Каменогорске первичные профсоюзные организации ОО «Казпрофтранс», собрались семьи железнодорожников, чтобы поделиться секретами своего счастья, обозначить собственные ценности, интересы.



Открывая мероприятие, представитель Центрального совета ОО «Казпрофтранс» Айгуль Жайлаубаева рассказала, что оно посвящено празднованию Дня семьи в Казахстане, который традиционно отмечают во второе воскресенье сентября. В ОО «Казпрофтранс» к этому дню постоянно проводят мероприятия для супружеских пар, но они отличаются в каждом регионе. Поскольку основа любой семьи – это взаимоотношения между супругами, детьми и всеми родственниками, то на форуме в Усть-Каменогорске пригласили практикующего психолога, гештальт-терапевта Ляззат Баржукову и психолога-консультанта, системного коуч-терапевта Асем Каримову.

– Целостность семьи важна для нашего общества, чтобы мы воспитывали молодые поколения здоровых людей. Семья – союз свободных и самостоятельных личностей, это система и микроаналог государства, – высказала мнение Ляззат Баржукова и попросила каждого участника поделиться своими размышлениями, что же стоит за каждой ячейкой общества, как преодолеть непонимание, кризис в семейных отношениях.

Гульнар Оразева и ее муж Жасулан Акимбеков вместе трудятся в Оскеменской дистанции пути. Их семье – 18 лет.

– Муж позвал меня на форум, предложил посмотреть, что это такое. Взгляд со стороны очень интересен. Когда мы обсуждали слайды, определения форм семьи, взаимоотношений, думала, а какая же у нас форма? И подчеркнула ценную информацию, чтобы дальше работать над своими отношениями. Все-таки семья – это труд, выстраивание отношений с мужем, детьми, между родственниками, – отметила Гульнар Оразева.

Каждая чета подготовила презентацию о своей семье, показав фото совместных путешествий, прогулок, семейных торжеств. Каким в паре каждый



представляет себя и своего партнера, участники рассказали с помощью так называемых метафорических карт. Очень познавательным и интересным оказалось другое упражнение со сложным названием «Реорганизация опыта детских обид, влияющая на взаимоотношения с партнером». Нужно было описать положительные и отрицательные стороны близких людей из детства, поделиться счастливыми воспоминаниями той поры, рассказать, чего так и не получили тогда, но в чем нуждались, описать свои реакции и понять, почему в дальнейшем привлекали в свою жизнь тех или иных людей. В другом задании супруги должны были нарисовать свое семейное дерево с корнями, стволом и кроной и обозначить, где расположены те или иные ценности семьи.

Асем Каримова провела для пар медитацию, во время которой супруги должны были смотреть друг другу в глаза.

– Конечно, это может показаться непривычным, но медитация может стать точкой, откуда пойдет ваше сближение, – объяснила психолог.

На форуме мужчины подарили своим женам цветы. Правда, в этот раз – за счет профсоюза. Зато в момент дарения представители сильного пола делили самые проникновенные признания,

говорили о любви, а некоторые подносили букеты, по-джентльменски встав на одно колено.

Электромеханик Защитинской дистанции сигнализации и связи Наталья Стрелкова пришла на форум вместе с супругом Андреем Стрелковым – старшим электромехаником КТСМ этого же предприятия. У пары – трое детей, живут вместе уже 26 лет. По их мнению, такие форумы необходимы, чтобы почерпнуть новые знания, «развеемся» и пообщаться.

В завершение форума Айгуль Жайлаубаева вручила подарки супружеским парам – победителям конкурсов. Подарочный сертификат на романтический ужин получили Жасулан Акимбаев и Гульнар Оразева за первое место в презентации своей семьи.

Приз за самое креативное, содержательное изображение семейного дерева получила чета Ильи и Ольги Храповых. Илья работает инженером по электрооборудованию в ТОО «СпецСервисКурьлы», Ольга – парикмахер. Семья образована всего год назад, но супруги точно знают, какими должны быть крепкие взаимоотношения. Памятные подарки получили также тренеры форума.

Ольга УШАКОВА, Усть-Каменогорск
Фото автора

Спорт

НҰРЛАН – МАРАФОН ЧЕМПИОНЫ

Өткен демалыс күні Абай облысының орталығы Семей қаласында аймақ тарихында тұңғыш рет жалпыхалықтық марафон өтті. «Абай-марафон 2022» аталған шараға өңірдегі барлық мекемелердің өкілдері қатысып, салауатты өмір салтын насихаттады.

Әрине, марафонға спортты серік етуді дәстүрге айналдырған теміржолшылар қауымы да қатысып, қала халқымен бірге өз шеберліктерін сыңға салды.

Әуесқой спортшылар алдын ала белгіленген аумақпен 3, 5, 10 шақырымды жүгіріп өтулері тиіс болатын. Белсеніп шыққан теміржолшылар арасында осыған дейін де сан түрлі сайыстарда, соның ішінде ұлттық компания бойынша өткізіліп



жүрген жарыстарда топ жарып жүрген, Семей магистральдық желі бөлімшесі техникалық бөлімінің бастығы Нұрлан Бегәділовтің жүлдызы жанды. Ол 10 шақырымдық қашықтыққа жүгіруден өз салмағы бойынша топ жарып, бірінші орынды еншіледі. Нәтижесінде арнайы сыйлық пен медальға және ұйымдастырушылар тарапынан марапатқа ие болды.

Абай ЕРТІС, Семей
Суретті түсірген автор

ОСЕННИЙ ПРАЗДНИК

Море эмоций от соперничества, награждение грамотами и кубками – все это надолго запомнится болельщикам, которые пришли поддержать своих коллег-железнодорожников на соревнованиях по дартсу и легкоатлетическому кроссу. За звание лучших сразились порядка 30 участников.

На станции Курорт-Боровое в спортивном зале ТЧЭ-10 состоялся большой спортивный праздник, посвященный Дню семьи.

Игроки в дартс выступали командами. От участников требовалось максимально быстро списать 301 очко до нуля, им необходимо было не просто опередить дрозиком в центр мишени, а еще и оперативно считать, чтобы грамотно и быстро завершить игру, не сделав при этом перебор. Поэтому в этом виде спорта важна техника и точность броска игрока. Каждый из промах или промахи дарил участника и зрителям море эмоций.

Обладателем золотых медалей стала команда ТЧЭ-10. «Серебро» в

нелегкой борьбе завоевали спортсмены ВЧД-34. «Бронза» досталась команде ДС.

Финальным аккордом большого спортивного праздника стал легкоатлетический кросс. Как признавались спортсмены-любители после соревнований, пробежать первым было не главным. Громкие аплодисменты болельщиков на финише стали наградой для каждого участника.

По итогам забега в личном зачете среди женщин чемпионкой стала Аида Бапакова из ВЧД-34. Второе место заняла Аиза Хамзина из ДС и на третьей позиции расположилась Асель Жунусова из команды ШЧ-14.

Среди мужчин чемпионом стал Ерлан Дюсенов из команды ТЧЭ-10,



второе место занял его коллега по делу Павел Ивкин и третьим стал Ануар Айтпаев из ДС.

Все железнодорожники получили хороший заряд бодрости. Тем более впереди их ожидают серьезные старты – суперфинал спартакиады среди работников группы компаний АО «Самрук-Қазына» и марафон АО «НК «ҚТЖ».

В суперфинале от нашей станции Курорт-Боровое выступят представители таких видов спорта, как армрестлинг, волейбол, настольный теннис. Также наши работники будут участвовать в марафоне, тем

более дистанции очень серьезные, без подготовки не преодолешь. Так, электромонтер ШЧ-14 Тенбай Жанкельды пробежит 25 километров.

– Хотел выразить благодарность начальнику станции Галымжану Ержанову и председателю профсоюзной организации Хазису Закирину за то, что всегда помогают в проведении соревнований! Всем желаю здоровья и всегда дружить со спортом, – отметил инструктор по спорту станции Курорт-Боровое Талгат Рахимбаев.

Айлин БАУРЖАН, Кокишетау
Фото автора

ГОТОВЫ КРОВЬ ОТДАТЬ



Костанайские железнодорожники приняли участие в благотворительной акции по сдаче крови.



Мероприятие проводилось по инициативе сотрудников филиала совместно с областным Центром крови в рамках акции «Я – донор! Я – здоров!».

– Акция представляла собой спортивно-танцевальный флеш-моб, в ходе которого все желающие могли сдать кровь – при условии отсутствия медицинских противопоказаний, – сообщила ведущий экономист планово-экономического отдела филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП» Асель Абишева.

Начинали и завершали показательно часть мероприятия ученики КГУ «Физико-математический лицей отдела образования акимата Костанайской области», подготовившие программу спортивно-танцевального флешмоба.

Мероприятие проходило на открытом воздухе, и все участники получили заряд бодрости и отличного настроения, двигаясь под звуки популярных мелодий. Здесь же для сотрудников КТЖ организовали чайный стол с

витаминными напитками и специальной фотозон.

Всего в этой акции приняли участие 50 железнодорожников. Конечно, желающим совершить такое благое дело из числа сотрудников компании было больше, однако, к сожалению, не все соответствовали необходимым медицинским показаниям. Для тех, кто не смог в этот день стать донором, здесь же была организована ознакомительная информационная экскурсия работниками областного Центра крови. По окончании флешмоба руководство КГП «Областной центр крови» выразило благодарность исполняющему обязанности начальника производства лицей отдела образования акимата Костанайского областного эксплуатационного локомотивного депо Тамирлану Баймурзину и ведущему экономисту планово-экономического отдела Костанайского отделения ГП Асель Абишевой за активную социальную позицию и поддержку донорского движения.

Аслан КУДАБАЕВ, Костанай
Фото автора

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ

Бас редактор
Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 11 340

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, С. Бакесова

Меншікті тілшілер:
Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосымш Мұқашев 8-778-946-09-66
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Паничева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабыржан Надірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Жамбыл: Ерман Әбдиев 8-777-682-70-73
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61
Ақтөбе: Ардақ Ерубеева 8-702-843-27-97
Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 8-702-548-00-92

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу куәлігі берілді.